"АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА ОБЛАСТИ АБАЙ"

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30 қараша 2023 ж.
Абай облысы, Семей қаласы

№ 94/қ
область Абай, город Семей

Мәдени іс-шара ұйымдастыру туралы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңының 8-бабының 8)-тармағына сәйкес, Жаңа Жыл мерекесіне орай мәдени шараларды ұйымдастыру үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және облыс әкімінің 2023 жылғы Жаңа жылдық шыршасының мәдени бағдарламасын ұйымдастыру және өткізу «Абай атындағы театр» КМҚК директоры Амангельды Талгатбекович Бахтиновқа жүктелсін.

2. Іс-шараның шығындар есебін дайындауды «Абай атындағы театр» КМҚК директоры Амангельды Талгатбекович Бахтиновқа тапсырамын.

3. Шараларды ұйымдастыру бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес «Абай атындағы театр» КМҚК Амангельды Талгатбекович Бахтинов мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды жүзеге асырсын.

4. Жоспарлау, талдау, мониторинг және мемлекеттік шығармашылық тапсырыс бөлімінің басшысы Гулбану Айполатовна Базарова осы іс-шаралардың қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басқарма басшысының орынбасары Бексултанов Ернар Аскабыловичке тапсырамын.

Негіздеме:

1) облыс әкімінің бірінші орынбасары Ш.Байбековпен бекітілген ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және облыс әкімінің 2023 жылғы Жаңа жылдық шыршасын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарының 7, 8, тармақтары;

2) Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының 2023 жылғы іс-шаралар жоспарының 89-тармағы.

Басқарма басшысы **Н. Идрисова**

000172